

**«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



**РЕЗИДЕНТУРА ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҮШІН
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

КАРАҒАНДЫ 2025

Резидентураның білім беру бағдарламаларына түсу емтиханының бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270 бұйрығы негізінде жасалды «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, медициналық кадрларды оқуға қабылдау және даярлау қағидаларын бекіту туралы».

Қабылдау емтиханының бағдарламасы резидентура және кәсібі дамыту мектебін кеңесінің отырысында талқыланып бекітуге ұсынылды

«03» 04 2025 ж. Хаттама № 4

Р және КД мектебі кеңесінің төрайымы  В.Б. Ташкенбаева

1. **Қабылдау емтиханының мақсаты** білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес резидентураға түсушінің резидентураның білім беру бағдарламасын игеруге дайындық дәрежесін анықтау болып табылады.

2. **Тапсырмалар:**

- теориялық дайындық деңгейін анықтау;
- талапкердің негізгі, бейіндік құзыреттіліктерін, клиникалық ойлауын анықтау.

3. **Қабылдау емтиханын өткізу және бағалау нысандары**

Резидентураға түсу емтиханы-бакалавриат пәндері бойынша тестілеу.

Сұрақтар саны – 100. Тестілеу уақыты-120 минут.

Резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде «ҚМУ» КеАҚ-да байланысты Білім беру бағдарламалары бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Білім беру бағдарламалары бойынша емтихан комиссиясы резидентураның тиісті медициналық мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі, PhD дәрежесі, дәрігерлік санаты бар «ҚМУ» КеАҚ қызметкерлерінің арасынан құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Қабылдау емтиханының нәтижесі оны өткізген күні жарияланады. Қабылдау емтиханын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Резидентураға түсу емтиханының нәтижесі (X) келесі формула бойынша есептеледі:

$$X = (A * 0,35 + B * 0,55) + GPA * 25 * 0,1$$

мұндағы GPA- оқудың барлық кезеңіндегі (бакалавриат және интернатура) оқу жетістіктері деңгейінің орташа алынған бағасы;

A – тәуелсіз емтиханның I кезеңінің нәтижесі немесе маман сертификатының нәтижесі;

B – түсу емтиханының нәтижесі.

Бұл ретте қабылдау емтиханының нәтижелері жалпы қабылданған математикалық тәсілмен бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда резидентураға қабылдау кезінде медициналық тәжірибесі бар тұлғалар (үміткердің құжаттарын тапсыру сәтінде), растайтын құжаттары (еңбек шартының көшірмесі, медициналық ұйымның кадр қызметі куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі) болған кезде 1 жыл еңбек өтілі (*стаж*) 1 балға тең болатын тұлғалар басым құқықты алады.

Содан кейін кесте бойынша резидентураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі:

№	Критерийлер	Ұпайлар	Растайтын құжаттар
Мәлімделген білім беру бағдарламасының бейіні бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы			
1.	Республикалық және халықаралық ғылыми конференциялардың, конкурстардың жеңімпаздары	5 ұпай	Дипломдар (қатысушылардың сертификаттары қабылданбайды)
2.	Web of Science, Scopus - та индекстелетін журналдарда білім алушылардың импакт-факторы бар	5 ұпай	Шығу деректерінің көшірмелері

	журналдарда Жарияланымдар		
3.	РИНЦ/ КОКСОН/ "Медицина және экология"журналдарындағы жарияланымдар	3 ұпай	Шығу деректерінің көшірмелері
4.	Ғылыми әзірлемелер, стартаптар	3 ұпай	Куәлік
5.	Ғылыми гранттар, стипендиялар	3 ұпай	Марапаттау сертификаттары
6.	ББ мәлімдеген бейіні бойынша олимпиадаларға қатысу	Қатысушы – 1 ұпай	Сертификаттар
		Жұлделі орындар– 3 ұпай	Дипломдар

Қабылдау кезінде конкурстық балдар көрсеткіштері тең болған жағдайда келесі тұлғалардың басым құқығы болады:

1) тәуелсіз емтиханның I кезеңінің жоғары нәтижесімен немесе маман сертификатының жоғары нәтижесімен (А);

2) түсу емтиханының неғұрлым жоғары нәтижесімен (В);

3) жоғары GPA көрсеткішімен.

Барлық көрсетілген көрсеткіштер тең болған жағдайда емтихан комиссиясы шешім қабылдайды.

Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау және даулы мәселелерді шешу үшін апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы басқарма төрағасы-ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ғылыми дәрежесі/ дәрігерлік санаты бар және емтихан комиссиясының құрамына кірмейтін университет қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады.

4. Резидентураға түсу (тәжірибелік) емтихан бағдарламасының мазмұны

Резидентураға түсу емтиханы бакалавриат пәндері бойынша тестілеу: қосымша 1, 2.

5. Қабылдау емтиханын өткізу регламенті

Резидентураға түсу емтиханын университет өткізеді.

Бұл ретте оқуға түсуші түсу емтиханын тек оқуға түсетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына ғана тапсырады.

Резидентураға түсу емтиханы 8-16 тамыз аралығында өткізіледі.

6. Резидентураға қабылдау және тіркеу

«ҚМУ» КеАҚ резидентурасына адамдарды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Шетелдік азаматтарды «ҚМУ» КеАҚ резидентурасының білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Тұлғаларды резидентураға ақылы негізде қабылдау түсу емтиханының нәтиже қорытындысы бойынша және ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған, бірақ кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін.